



ТУЛЕБАЕВА ДАРЬЯ ЖУМАТОВНА
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің
«№3 орта мектебі» КММ
Лисаков қаласы, 3 ықшамаудан, 23 үй
daryatulebaeva@mail.ru

Білімнің жаңа сатысы - жаңартылған оқу бағдарламасы

«Білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ»
Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде білімнің айтарлықтай маңызды екені мемлекетіміздегі білім беру мазмұнының жаңа ғасырда жаңа бағытқа көшуімен негізделіп отыр. Қажеттілікке сай өзгеріс екендігінің дәлелі ретінде Қостанай қаласында Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсы кәсіби деңгейінің көтерілуіне қалай әсер етті?

Алғашқы күннен бастап курс жоспарымен танысқаннан кейін жалпы білім беру мазмұнына бұл өзгешеліктердің енгізілуінің басты себебі жайында ақпарат алып, жаңа мазмұнда оқыту бойынша бағдарлама құрылымы мен мақсат- міндеттерін түсініп, осы оқу мақсатына жетуде критериалдық бағалау жүйесін қалай қолдануды, тілдік дағды түрлері бойынша белсенді оқыту стратегияларын орынды пайдалану жолдарын қарастырдық.

Тренеріміз Досымова Замзагүл Мұратбекқызы біздің бойымыздағы қабілетімізді жаңа біліммен ұштастыра отырып, қалыптастырушы тапсырмаларды жасау қадамдарын, оларды сабақ құрылымының қай кезеңінде орындатуға болатындығын, саралау тапсырмасын ойлау деңгейінің жоғары сатысында қолданудың қаншалықты тиімді екендігін, оқу мақсатын негізге ала отыра бағалау критерийлерін шығару, тапсырмаларға дескриптор құру, кері байланыс беруді үйрету жолында бізге маңызды ақпараттар бере білді.

Басында бізге біраз қиындықтар туындады. Әр күн сайын алған маңызды ақпараттарымыз ықшам сабақтарда түрлі тапсырмаларды әзірлеу арқылы жаңа тақырып бойынша алған білімімізді кері байланыс арқылы қорытындылап отырудың пайдасы өте зор екендігін дәлелдеп көрсетті. Бағдарлама жаңа ғасыр оқушысының өздігінен ақпарат іздеу және талдау дағдыларын дамытуға, әлемнің біртұтас бейнесі жайында бастапқы білім қорларын қалыптастыруға, «Мәңгілік ел» жобасында көрсетілген рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталғандықтан, жаңаша оқыту бағдарламасының жаңа сатысына көшу деңгейінде жаңашыл ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеліп отыр.

Қорыта келе, осы курс соңында көкейіме түйгенім- біз, ұстаздар қауымы, жаңа бағдарламаның ерекшелігін түсіне отыра, пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы «ортақ тақырыптар» мен оларды сыныптар бойынша спиральді білім бере білу арқылы білім үрдісін оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағыттауымыз қажет деген пікірге келдім.